

**Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін
регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы**

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 10 шілдедегі N 708. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 9 тамызда N 1216 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.09.2013 № 375 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығынан үзінді:

Нормативтік құқықтық базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған тізім бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2

3. ...

Министр

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің
2005 жылғы 10 наурыздағы

N 145 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1

2

3. "Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі қызметін атқарушының 2000 жылғы 10 шілдедегі N 708 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1216 болып тіркелген, "Шығармашылық педагогика" 2000 жылғы қыркүйектегі N 4 журналы) 1-тамағының 1), 2), 3), 5), 6)-тармақшалары.

4

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1839 қаулысымен бекітілген "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы үлгі ережені бекіту туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса тіркелген (1, 2, 3, 4, 5, 6 қосымшалар) жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер:

1) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

2) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

3) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

4) Қазақстан Республикасының интернаттық білім беру мекемелерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелер;

5) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

6) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

2. Жалпы орта білім департаменті (Р.Жұмабекова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 258 "Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін тәртіпке келтіретін нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы" бұйрығының күші жойылсын.

4. Облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары осы бұйрықты барлық аудандық, қалалық білім бөлімдері мен ұйымдарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә.С. Ахметовке жүктелсін.

Министрдің міндетін атқарушысы

Қазақстан республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2000 жылғы 10.07. N 708
бұйрығымен бекітілген
1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

Қазақстан республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2000 жылғы 10.07. N 708
бұйрығымен бекітілген
2-қосымша

Ескерту: 2-қосымшаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

Қазақстан республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2000 жылғы 10.07. N 708
бұйрығымен бекітілген
3-қосымша

Ескерту: 3-қосымшаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығынан үзінді:

Нормативтік құқықтық базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған тізім бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2

3. ...

Министр

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің
2005 жылғы 10 наурыздағы
N 145 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1

2

3. "Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі қызметін атқарушының 2000 жылғы 10 шілдедегі N 708 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1216 болып тіркелген, "Шығармашылық педагогика" 2000 жылғы қыркүйектегі N 4 журналы) 1-

тамағының 1), 2), 3), 5), 6)-тармақшалары.

4
5
6

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1839 қаулысымен бекітілген "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы үлгі ережені бекіту туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса тіркелген (1, 2, 3, 4, 5, 6 қосымшалар) жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер:

1) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

2) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

3) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

4) Қазақстан Республикасының интернаттық білім беру мекемелерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелер;

5) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

6) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

2. Жалпы орта білім департаменті (Р.Жұмабекова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 29 наурыздағы N 258 "Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін тәртіпке келтіретін нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы" бұйрығының күші жойылсын.

4. Облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары осы бұйрықты барлық аудандық, қалалық білім бөлімдері мен ұйымдарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә.С. Ахметовке жүктелсін.

Министрдің міндетін атқарушысы

Қазақстан республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2000 жылғы 10.07. N 708

бұйрығымен бекітілген

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

Қазақстан республикасы

Білім және ғылым министрлігінің

2000 жылғы 10.07. N 708

бұйрығымен бекітілген

2-қосымша

Ескерту: 2-қосымшаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

Қазақстан республикасы

Білім және ғылым министрлігінің

2000 жылғы 10.07. N 708

бұйрығымен бекітілген

3-қосымша

Ескерту: 3-қосымшаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

Қазақстан республикасы

Білім және ғылым министрлігінің

2000 жылғы 10.07. N 708

бұйрығымен бекітілген

4-қосымша

Қазақстан Республикасының интернаттық білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ережелер меншік нысаны мен бағыныстылығына қарамастан барлық түрі мен үлгідегі интернаттық ұйымдар үшін нормативтік-құқықтық құжат болып саналады.

Ескерту: 1-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығымен.

2. Интернаттық ұйымдар - белгілі бір категориядағы азаматтарға тұратын орын беріп, білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің мекемелері.

3. Интернаттық ұйымдар төмендегідей түрлерде құрыла алады:

1) жалпы типті мектеп-интернат - ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылары, жалғыз басты аналар (әкелер) мен денсаулық жағдайы, еңбегі, өмір жағдайына байланысты қоғамдық тәрбиені қажет ететін ата-аналардың (олардың орнын ауыстырушылар) балаларына тұратын орын беріп білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің мекемесі;

2) санаториялық типтегі мектеп-интернат - балалар мен жасөспірімдердің жергілікті туберкулезінің дамуын ескертуге, туберкулездің жұқпалы ошағынан ауру жұқтырған және оларды туберкулездің төменгі және бәсеңдеген нысандарын толық клиникалық емдеуге бағытталған, емдеу-сауықтыру шараларын өткізу және жататын орнымен қамтамасыз етіп білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің мекемесі;

3) девианттық мінез-құлықты балаларға арналған мектеп-интернат - сот пен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның шешімімен балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік оңалту, жататын орын беріп тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ететін, ерекше гуманистік сипаты мен мазмұны бар орта білім беру жүйесінің мекемесі;

4) жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат - тиісті жалпы білім беретін мектебі жоқ елді мекендерде тұратын балаларға орта білім алу құқын қамтамасыз ететін, сондай-ақ аз қамсыздандырылған, көп балалы, қолайсыз отбасыларға балаларына жататын орын беріп, оларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек беретін ұйым;

5) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар - білім мен тәрбие алуда отбасы жағдайына жуықтайтын қолайлы жағдай жасап, мамандық таңдауға көмек көрсететін және оларды өз бетінше өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ететін білім беру мекемелері (балалар үйі, мектеп-интернат, "балалар үйі" "балалар үйі-мектеп-кәсіптік мектеп" комплекстері, отбасылық үлгідегі балалар үйі, панасыздар үйі және т.б.).

6) қазақ-түрік лицейі жанындағы интернат - қазақ-түрік лицейі орналасқан жерінен тыс тұратын балаларға жататын орын бере отырып, тереңдете, элиталық білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесі ұйымының құрылымдық бөлімшесі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту мен толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым

министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығымен , 2003 жылғы 6 қарашадағы N 729 бұйрығымен .

4. Интернаттық ұйымдары алдында төмендегідей міндеттер тұр:

1) мемлекеттік көмек пен қолдауды қажет ететін балаларға жататын орын бере отырып өмір сүру, оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, кәсіптік бастауыш және орта жалпы білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын игеруге жағдай жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;

3) азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге т ө з б е у г е т ә р б и е л е у ;

4) Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы к ө з қ а р а с ы н қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрып дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілі, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

6) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.

Ескерту: 4-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығымен .

5. Интернаттық ұйымдар (санаториялық типтегіден басқалары) мемлекеттік және мемлекеттік емес бола алады.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығымен .

6. Интернаттық ұйымдар Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылады, қайта құрылады және таратылады.

7. Интернаттық ұйымдардың білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияны мемлекеттік басқару органдары (лицензиар) береді.

8. Интернаттық ұйымдар өз қызметін Конституция мен Қазақстан Республикасы заңдарына, басқа нормативтік құқықтық актілерге, сонымен бірге осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

9. Интернаттық ұйымдар осы ережедегі 3-тармақтың 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардан басқа жеке мүліктері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі мен өз атауындағы мөртаңбасы, сонымен бірге заңға сәйкес банкіде есебі бар заңды тұлға болып т а б ы л а д ы .

Ескерту: 9-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығымен , 2003 жылғы 6 қарашадағы N 729 бұйрығымен .

10. Интернаттық ұйымдар Қазақстан Республикасының 1999 жылы 7 маусымдағы "Білім туралы" Заңы мен осы Ережелер негізінде құрылтайшы бекітетін өз Жарғысын әзірлейді және бекітеді.

2. Тәрбиеленушілерді қабылдау, оқыту және бітірту тәртібі

11. Балалар мен жасөспірімдердің интернаттық ұйымдарына мемлекеттік көмек пен қолдауды қажет ететін балаларды қабылдау ұйымының түрі мен Жарғысына сәйкес толық немесе жартылай мемлекеттік негізде жүзеге асырылады.

12. Интернаттық ұйымдарға балаларды жіберу интернаттық ұйымдардың түрлеріне сәйкес облыстық, республикалық дәрежедегі қалалық, астаналық білім беру мен денсаулық сақтау басқармалары (департаменттері), қорғаншы және қамқоршы органдар, психологиялық-педагогикалық консультациялар, сот шешімі арқылы жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік интернаттық ұйымдардан шығаруға ерекше жағдайларда интернаттық ұйымдардың Жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру басқармасы органдарының шешімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығартуға шешім қорғаншы және қамқоршы органдарының келісімінсіз қ о л д а н ы л м а й д ы .

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығымен .

14. Мемлекеттік интернаттық ұйымдардың оқушылары мен тәрбиеленушілері белгіленген нормаға сәйкес киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ және қатты мүкәммалмен, жеке бас гигиенасы заттарымен, оқулықтармен, мектептік жазба-жабдықтармен, ойыншықтармен, т.б. қамтамасыз етіледі.

15. Интернаттық ұйымдарда негізгі жалпы және орта жалпы білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру оқушы тәрбиеленушілердің мемлекеттік қорытынды аттестациядан өтуімен аяқталады.

Бітіру емтихандары білім беру саласындағы Орталық атқарушы орган бекіткен "Оқушыларды көшіру, аттестациялау және бітірту тәртібі туралы" Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

16. Интернаттық ұйымдардың меншік нысаны мен бағыныстылығына қарамастан, мемлекеттік қорытынды аттестациядан өткен мектеп бітірушіге білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар тапсырылады.

17. Оқуды бітірмеген тәрбиеленушілерге белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

18. Интернаттық ұйымды бітіруші тәрбиеленушіге интернаттық ұйымда білім алған кезінде пайдаланған жазғы киімдердің және аяқ киімдердің жиынтығы тегін беріледі.

Ата-аналарының, оны ауыстырушылардың өтініші бойынша отбасының материалдық жағдайы ескеріле отырып, оның білім алған кезеңінде пайдаланған қыстық киімдері де беріледі. Тәрбиеленушілерге, оқушыларға интернаттық мекемеден басқа себептермен шығып кеткен кезде бұрын өздері пайдаланып жүрген маусымдық киім, аяқ киім тегін беріледі.

3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

19. Интернаттық ұйымдардың оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақ-түрік лицейінде оқу жұмыстық мамандандырылған оқу бағдарламаларының және жекелеген пәндерді тереңдете оқытудың оқу жоспарының негізінде жүзеге асырылады. Оқыту мемлекеттік, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде жүргізіледі.

Ескерту: 19-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 729 бұйрығымен .

20. Оқу аптасының ұзақтығы педагогикалық кеңестің лайықты басқарушы білім беру органдарымен келісімде белгіленеді және интернаттық ұйымдардың Жарғысында бекітіледі.

21. Интернаттық ұйымдар меншік нысанына қарамастан, әрбір білім деңгейі үшін мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін оқып-үйренуді қамтамасыз етеді. Ұлттық топтар үшін олардың ана тілдерін оқып-үйренуіне жағдай жасалады.

22. Оқушы тәрбиеленушілерді еңбекке баулу жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерді ескере отырып, оқытуды қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекпен байланыстыру негізінде, қоршаған ортаны қорғау шараларына қатысумен, өз бейімділігіне қарай үйірмелер мен клуб жұмыстарына араласумен, оқу шеберханаларында, қосалқы шаруашылықта, оқушылар кооперативтерінде, оқушылардың басқа бірлестіктерінде, өндірістерде, фермерлік шаруашылықтарда және т.б. жұмыстарға араласумен жүзеге асырылады.

23. Қажетті жағдайлар болса, оқушы тәрбиеленушілердің кәсіптік және өндірістік оқуын ұйымдастырып, оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқушыларға арналған орындарда, құрылыс объектілерінде, егіс далаларында, өнеркәсіп, фермаларда жүзеге асатын белгіленген тәртіпте мамандық туралы куәлік беруге болады.

Өндірістік оқу процесіндегі оқу бағдарламаларына сәйкес және одан басқа оқушы тәрбиеленушілер сабақтан тыс уақытта жеке саудаға түсетін өнеркәсіп және ауылшаруашылығы өнімдерін шығарады.

24. Кәсіптік практиканың мазмұны, түрлері және мерізімдері кәсіптік бастауыш білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары арқылы анықталады.

25. Интернаттық ұйымдар оқушы тәрбиеленушілердің гигиенаға негізделген өмір режимін, еңбегі мен демалысын ұйымдастырады. Балалардың оқуын, еңбегін, демалысын педагогикалық негізде үйлестіретін күн режимі тәрбиеленушілердің интернаттық ұйымдарда тәулік бойы болуын ескереді және ұйым кеңесі шешімімен бекітіледі.

Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығымен .

26. Оқушы тәрбиеленушілердің еңбек, спорт, мәдени-шаруашылық сияқты әр түрлі тәрбие нысандарына қатысуы балалар мен ересектердің ынтымақтастығы принципін, ұжымдық іс-әрекетте қызығушылығы, бейімділігі мен психофизикалық ерекшеліктерін даралау мен саралау ықпалдарымен үйлестіру негізінде құрылады.

27. Интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері кәсіподақ, мәдени-ағартушылық, мектептен тыс спорттық және басқа ұйымдардың өз базаларындағы, сол сияқты интернаттық ұйымдарда құрылған музыкалық, көркемдік, спорттық және басқа мектептердегі, әртүрлі үйірмелері мен клубтарындағы сабақтарға, оқушылармен бірге конкурстарға, олимпиадаларға, спартакиадаларға, көрме, байқауларға және басқа да көпшілік шараларға қатысады.

28. Интернаттық ұйымдарда оқушы тәрбиеленушілерді оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларында және интернаттық ұйымдардың Жарғысында қарастырылмаған еңбекке рұқсат етілмейді; қоғамдық, қоғамдық-саяси және діни

ұйымдарға, сонымен қатар оларды осы мекемелердің қызметіне тартуға, үгіт және саяси акцияларға қатыстыруға рұқсат етілмейді.

4. Интернаттық ұйымдарды басқару

29. Интернаттық ұйымдарды басқару Қазақстан Республикасының заңына, осы Ережелер және интернаттық ұйымның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Интернаттық ұйымды басқару алқалық және дара басшылық принциптерінде жүзеге асырылады.

Алқалық басқарудың нысандары педагогикалық кеңес болып табылады.

Интернаттық ұйымдарды (соның ішінде мектеп жанындағы интернатпен) басқаруды білім беру саласындағы орталық атқарушы органмен келісе отырып, құрылтайшы тағайындаған директор жүзеге асырады.

Ескерту: 29-тармаққа өзгерту мен толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығымен .

30. Интернаттық ұйымның директоры оқу орнының Жарғысына сәйкес білім беру саласындағы өкілетті органмен келісе отырып, өз орынбасарларын тағайындайды және қызметтен босатады.

31. Интернаттық ұйымдар оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды таңдау мен орналастыруда, ғылыми, қаржылық-шаруашылық және басқа қызметтерді Қазақстан Республикасының заңдары шегінде өзі жүзеге асыруға ерікті.

32. Интернаттық ұйымдардың қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері оқу орнының жарғысы, ішкі тәртіп ережелерімен және лауазымдық нұсқаулықтар арқылы айқындалады.

5. Білім беретін интернаттық ұйымдардың қызметін қаржылық-шаруашылық және құқықтық жағынан қамтамасыз ету

33. Мемлекеттік интернаттық ұйымдарды қаржыландыруы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

34. Мемлекеттік интернаттық ұйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ақылы білім беру қызметін көрсетуге құқылы.

Ақылы білім беру қызметтері негізгі білім беру қызметінің орнына жүрмейді.

35. Мемлекеттік интернаттық ұйымдар өзге қаржылық және материалдық түсімдерді оның ішінде, валюталық түсімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен пайдалануға құқылы.

36. Ақылы білім беру қызметтерінен түскен қаржыны, қаржылық, материалдық, соның ішінде валюталық түсімдерді қалыптастыру, пайдалану, есебін жүргізу, есеп беру және бақылау Қазақстан Республикасының заңымен айқындалады.

37. Интернаттық ұйымдар өздерінің Жарғысында анықталған тәртіппен мүліктерді пайдалануға және оларға билік етуге құқылы. Қазақстан Республикасы Заңы белгілеген тәртіпте лауазымдық айлық ақы (ставкалар), үстеме ақы, қосымша ақы төлеуді, қызметкерлерге берілетін сыйлықтар мөлшерін белгілейді.

38. Мемлекеттік емес интернаттық ұйымдарда қаржыландыру білім беру қызметін сату, құрылтайшылардың қаражаты және Қазақстан Республикасының тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік емес интернаттық ұйымдар білім беру қызметтеріне, соның ішінде жалпы міндетті мемлекеттік стандарттар шегінде ақы алуға құқылы.

6. Интернаттық ұйымдардың халықаралық қызметі

39. Интернаттық ұйымдардың халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңдары және халықаралық шарттар, келісімдер, конвенциялар негізінде жүзеге асырылады.

40. Интернаттық ұйымдар шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстар орнатуға, ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасуға, білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіруге құқылы.

Қ а з а қ с т а н р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м	ж ә н е	ғ ы л ы м	м и н и с т р л і г і н і ң	
2 0 0 0	ж ы л ғ ы	1 0 . 0 7 .	N	7 0 8
б ұ й р ы ғ ы м е н		б е к і т і л г е н		

5-қосымша

Қазақстан Республикасының арнаулы түзету білім ұйымдарының қызметін ұйымдастыру туралы Ережелер

1. Жалпы ережелер

1. Арнаулы түзету ұйымдар үшін меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан осы Ережелер нормативті құжат болып табылады.

2. Даму мүмкіндіктері шектелген балалар мен жасөспірімдердің білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін төмендегідей арнаулы түзету білім беру ұйымдары құрылады:

1) мектепке дейінгі түзету (теңелту) білім беру ұйымдары;

2) түзету білім беру ұйымдары;

3) кәсіптік бастауыш білім беру түзету ұйымдары.

3. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер үшін арнаулы түзету ұйымдары бастауыш, негізгі және орта білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Жалпы білім беретін ұйымдардың негізгі міндеттерін шеше отырып олар қоғамдағы балалар мен жасөспірімдердің бойындағы жойылған таным қызметтерін қалпына келтіруге, сақталған анализаторлар қызметін дамытуға және балаларды оңалту мен әлеуметтік-еңбек бейімділіктеріне мүмкіндік туғызатын толықтырушы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған арнайы міндеттерді қоса атқарады. Түзету ұйымдарының алдына одан басқа төмендегідей міндеттер қойылады:

1) азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

2) республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

3) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

4) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.

4. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оңалтуда арнаулы түзету ұйымдарының нақты міндеттері мен білім беру процесінің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының деңгейіне байланысты арнайы түзеу ұйымдары төмендегідей түрде құрылады:

1) соқыр және нашар көретін балалар мен жасөспірімдерді оқыту, тәрбиелеу, көруінде ауытқу бар тәрбиеленушілердің алғашқы және соңғы ауытқуларын түзету, сақталған қабілеттерін дамыту, түзету-толықтыру дағдыларын қалыптастыра отырып олардың қоғамға бейімділігін арттыратын түзету ұйымдарының екі түрі;

2) түзету ұйымдарында - саңырау балалар үшін оқыту және тәрбиелеуде есту-көру негізіндегі сөйлеу тілін қарым-қатынас жасау мен ойлаудың құралы ретінде қалыптастырумен байланысты балаларды жан-жақты дамыту, жалпы білім беріп, еңбекке және әлеуметтік өмірге дайындау үшін олардың психологиялық, физиологиялық дамуындағы ауытқуларды түзетуді және толықтыруды көздейді;

3) түзету ұйымдарында - нашар еститін (естуі ішінара жоғалған және сөйлеу тілінде жетіспеушілігі бар) және кейін саңырау болған (мектепке дейінгі немесе мектеп жасында саңырау болған, бірақ өзіндік сөйлеу тілі сақталған) балалар үшін оқыту мен тәрбиелеу олардың сөйлеу тілін қалыптастыру негізінде есту және есту-көру негізінде еркін сөйлесіп, қарымқатынас жасауға дайындалады.

Нашар еститін және кейін саңырау болған балаларды, саралап оқытуды қамтамасыз ету үшін екі бөлім құрылады:

1-бөлім - естуінің бұзылуына байланысты жеңіл түрдегі сөйлеуі жетілмеген тәрбиеленушілерге арналған.

2-бөлім - естуінің бұзылуынан сөйлеу тілі мүлде жетілмеген тәрбиеленушілерге арналған.

4) түзету ұйымы сөйлеу тілінде ерекше ақауы бар балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін, сөйлеудің бұзылуынан психикалық дамуында пайда болған ерекшеліктерді жоюға ықпал ететін арнайы көмек көрсету орнының құрамына 2 бөлім енеді:

1-бөлімге - сөйлеуі өте ауыр деңгейдегі (алалия, дизартрия, ринолалия, афазия), сондай-ақ, жалпы сөйлеу тілі жетілмеген тұтықпа балалар жатады.

2-бөлімге - сөйлеу қабілеті дұрыс дамығанмен ауыр тұтығып қалатын балалар ж а т а д ы ;

5) тірек-қимылдық аппараты бұзылған (әртүрлі этиологиядағы және көрініс дәрежесіндегі қозғалыс бұзылуының, балалардың церебралды параличімен, тірек-қимыл аппаратының туа біткен және кейін пайда болған кемістіктері, жоғарғы және соңғы қимыл мүшелерінің енжар параличтерімен, жоғары және соңғы қимыл мүшелерінің парез және парепарездерімен) балаларды оқыту және тәрбиелеу, қозғалыс функцияларын қалпына келтіру, құру және дамыту, баланың психикалық және тілдік дамуындағы кемістікті түзету, олардың әлеуметтік-еңбектік оңалуы мен арнайы ұйымдастырылған қозғалыс режимі және практикалық әрекеті негізінде қоғамға үйлестіруге арналған түзету мекемесі;

6) психикалық дамуы тежелген балаларға арналған түзету ұйымдарындағы оқыту және тәрбиелеу психикалық дамуындағы, ерік-өрісіндегі кемістіктерді түзетуді, олардың таным әрекетін жандандырып, даму мүмкіндіктері дұрыс сақтала тұра есте сақтауында, зейінінде әлсіздік, психикалық процестердің қарқыны мен қозғалысында кемістіктер байқалатын балалардың оқу іс-әрекетінің , іскерлік және білік-дағдыларын қалыптастырады.

7) ақыл-ойы кенже қалған балаларды оқыту және тәрбиелеу ұйымдары - ақыл-ойы кенже қалған балалардың дамуындағы кемістікті түзетіп, олардың білім алуы мен еңбекке дайындығын, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық ақтау, өз бетінше өмір сүріп, қоғамда өз орнын табуға дайындау.

5. Түзеу ұйымдары мемлекеттік және мемлекеттік емес болып табылады.

6. Арнайы түзету ұйымдарының құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

7. Түзету ұйымдарына білім беру қызметі құқығына республикалық маңызы бар қала мен астананың білім беру басқармалары (департаменті) лицензия береді.

8. Түзету ұйымдары өзінің қызметін Конституцияға тән Қазақстан Республикасы заңдарына, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

9. Түзету ұйымдары заңды ұйым болып табылады, оның жеке мүлкі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, мекеме атауы жазылған мөртабаны, сондай-ақ, банк бөлімшелерінде заңдарға сәйкес есеп шоты болады.

10. Түзету ұйымдары өзінің құрылтайшылары тарапынан бекітілген Жарғысын Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңына және осы Ережелерге сәйкес жетілдіреді және бекітеді.

11. Даму мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың жеке басының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып білім беру бағдарламалары төмендегідей нысандарда іске асырылады (ұжымдық және дербес). Арнаулы түзету мекемелері , жалпы білім беретін мектеп жанындағы түзету сыныптары, жалпы білім беретін ұйым сыныбында және үйде дербес оқытылады.

2. Түзету мекемесінің қызметін ұйымдастыру

12. Түзету ұйымдарында дамуында осы тектес ауытқушылықтары бар мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған бөлімдер мен топтар құрылады. Мұндай бөлімдер мен топтардың жұмысы осындай нысандардағы арнаулы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттеуші нормативтік-әдістемелік құжаттарға сәйкес құрылады.

Түзету ұйымдарында, қажеттігіне қарай ата-аналарға, жасөспірімдер мен балалардың даму проблемаларына арналған кеңес беру пункттерін, кәсіптік-техникалық мектептердегі арнайы топтарды, мектеп бітірушілер мен басқалар үшін қосалқы еңбекке дайындау және қайта дайындау орталықтарын ашуға болады.

13. Түзету ұйымдарының құрамына естуі, көруі нашарлаған, тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған, ақыл-ойы кеміс балалар үшін кемістік құрылымы ауыр балаларға арнайы сыныптар ашуға болады. Бала саны алтыдан аспауы керек.

14. Түзету ұйымдарының Кеңесінің шешімі бойынша қажетті жағдайлар болған кезде ақыл-ойы аса бүлінген балалар үшін арнайы сыныптар ашуға болады. Бұл сыныптарда бала саны 10 адамнан аспауы керек.

15. Түзету ұйымдарының сыныптар саны ұйымның Жарғысына сәйкес анықталады, мұнда санитарлық нормалар және білім беру процесін іске асыру жағдайлары қарастырылады.

16. Факультативтік сабақтарды өткізу және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау кезінде сыныпты екі топқа бөлу қажет. 5-сыныптан бастап қоғамдық пайдалы өндірістік еңбекті ұйымдастыру кезінде сынып оқушылары олардың еңбекке дайындық деңгейлеріне қарай бөлінеді.

Кәсіптік еңбекке баулу сабақтары 5-сыныптан бастап, ал ақыл-ойы өте кенже қалғандар 4-сыныптан бастап екі топқа бөлініп өткізіледі. Еңбек түрлеріне қарай топтарды жақсарту дәрігердің оқушылардың психикалық-физиологиялық жағдайы мен мүмкіндігі туралы берген мәліметтерін ескере отырып жүргізіледі.

Факультативтік сабақтар, үйірмелер жұмысы спорт секциялары алты адамнан аспайтын топтарда жүргізіледі.

17. Түзету ұйымдарының қажетті үй-жайы, ғимараты мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыратын, тәрбиеленушілердің демалысы мен бос уақытын өткізетін, спорт және көпшілік шараларын өткізетін, дәрігерлік көмек көрсететін, шаруашылық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық қызмет көрсететін орындары мен құрал-жабдықтары, сондай-ақ, осы мекеменің ерекшелігіне сай бөлмелері мен орындары (логопедиялық, ритмикалық, емдік денешынықтыру, әлеуметтік тұрмыстық бағыттау, есту жұмыстарын жүргізетін, тифлографиялық кабинеттері) болуы қажет.

3. Оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы

18. Түзету ұйымдарындағы білім беру мазмұны тәрбиеленушілердің психо-физиологиялық дамуын, олардың таным әрекетінің ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім берудің бағдарламаларына жұмыс жасайды. Ұсынылып отырған оқу жоспарларына түзету мекемелері өздерінің жеке тұрмыс жоспарларын жасап бекіте алады.

19. Оқу-тәрбие процесі балалардың психологиялық, дәрігерлік, педагогикалық және емдеу тұрғысынан зерттеген деректерге сүйене отырып, жеке және саралау принциптері негізінде жүзеге асырылады. Сөйлеу ерекшеліктерін, балалардың зейінін, олардың жұмыс қабілеттерін, даму динамикасын жүйелі зерттеу оқушылардың нақты білімдерін, мүмкіндіктерін және олардың оқу материалдарын игеру ерекшеліктерін анықтау, оқушының болашақтағы дамуын анықтау үшін және түзету жұмыс құралдарын таңдап алу үшін жүргізіледі.

20. Оқу аптасының ұзақтығы педагогикалық кеңеспен белгіленіп, тиісті басқару органдарының келісуі бойынша Жарғыда бекітіледі.

21. Сыныптың (топтың) шекті толықтырылуы, ұзартылғын күндік топтың жоғарыда көрсетілген түзету мекемелерінің түрлеріне байланысты.

22. Түзету ұйымдарында тәрбиеленушілердің дамуының шектелуін жеңу мақсатында топтық және жеке түзету оқулары өткізіледі.

23. Түзету ұйымдарындағы оқыту тілін жергілікті үкімет органдары тиісті білім беру органдарының даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың құқығы мен сұранысын қанағаттандыратын ұсыныстары негізінде анықтайды.

Түзету ұйымдарының оқыту тіліне қарамастан мемлекеттік тілді оқуды қамтамасыз ету міндетті.

24. Түзету ұйымдарының педагогикалық кеңесі оқуы қиын балалармен қатар, оларға қарағанда қабілеті едәуір қалыптасқандар үшін де дербес оқыту бағдарламалары мен оқу жоспарларын бекітеді.

25. Түзету ұйымдарындағы еңбекке баулу аймақтық, жергілікті жердің жұмысшы мамандарға деген сұранысқа бағытталған жағдайын және тәрбиеленушілерде жеке психологиялық, физиологиялық даму ерекшеліктеріне, сондай-ақ, тәрбиеленушінің және оның ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүддесін ескере отырып, тәрбиеленушіні жеке еңбекке дайындауды қамтитын еңбек саласын іріктеу негізінде жүзеге асырылады.

Түзету ұйымдарында еңбекке баулуға арналған оқу шеберханаларын жарақатты ескертетін, бұзылған қозғалыс қабілетін жеңілдететін арнаулы бейімделген қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді.

26. Түзету ұйымдарындағы көруі, естуі, сөйлеуі, тірек-қимыл аппараты бұзылған және психикалық дамуы кешеуілдеген балаларға арналған арнайы ұйымдардың түлектеріне тиісті білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі, м е к е м е м ө р і б а с ы л а д ы .

Ақыл-ойы кеміс балаларға арналған арнайы білім беретін мекеме түлектеріне осы мекемеге сай үлгідегі куәлік беріледі.

4. Білім беру процесіне қатысушылар

27. Түзету ұйымдарындағы білім беру процесіне қатысушылар: ұйымның педагогикалық, дәрігерлік қызметкерлерін оқушылар және олардың ата-аналары (бұлардың орнындағы заңды өкілдер).

28. Түзету ұйымдарына балаларды орналастыруды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңестер қорытындысы негізінде білім беру басқармасы органдары іске асырады. Бұл арнайы ұйымға қабылдау нұсқаулары ата-аналардың (бұлардың орнындағы заңды өкілдер) келісімімен ж ү р г і з і л е д і .

Түзету ұйымдарындағы көмекші сыныптарға (топтарға) тәрбиеленушілерді ауыстыру ата-аналардың келісімімен және психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңестің қорытындысы бойынша осы ұйымда бір жыл оқығаннан соң ғана ауыстырылады.

Күрделі кемістігі бар балаларға арналған сыныптарға түзету мекемелеріне қабылдау психолог, дәрігер және педагогтардың бақылауы және кеңесі бойынша жүргізіледі.

29. Қажет болған жағдайда тәрбиеленушіні түзету ұйымдарынан басқа ұйымдарға ауыстыруды ата-аналарының келісімі бойынша,

психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңес қорытындысы негізінде білім беру басқармасы органы жүзеге асырады.

30. Түзету ұйымдарында білім беру процесін қамтамасыз ету және оған басшылық жасауды түзету-педагогикалық қызмет саласындағы, сондай-ақ, тәжірибелі педагогтар, осы ұйымның ерекшелігіне сай қайта дайындықтан және аттестациядан өткен мұғалімдер іске асырады.

Түзету ұйымдарында білім беру процесінде психологиялық жағын қамтамасыз етуде ұйымның штатында арнайы психолог қызметі болады.

31. Түзету ұйымдары басшылары және педагог қызметкерлерін аттестациядан өткізуде олардың арнайы білімдері бар-жоғы ескерілуі тиіс.

32. Түзету ұйымдарында дәрігерлік қызметті қамтамасыз етуде штаттағы дәрігер жүргізеді. Олар осы ұйым әкімшілігімен бірге тәрбиеленушінің ұйымға дұрыс орналасуын, олардың денсаулығын сақтауды, психо-физиологиялық күйін нығайтудың профилактикалық шараларын жүргізуді, мекеменің санитарлық, гигиеналық жағдайын жақсартуды, денешынықтыру және сауықтыру, тамақтануды (соның ішінде диета) ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

33. Түзету ұйымдарында дәрігерлер педагогтарға тәрбиеленушілердің денсаулығы мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, жеке әдісті ұйымдастыруға көмектеседі, педагогтардың оқу процесінде дәрігерлік-педагогтық түзету, еңбекке баулу саласын іріктеу, кәсіптік бағдарлау, тәрбиеленушілерді жұмысқа тұрғызу жөнінде, сондай-ақ, ата-аналарға /заңды өкілдер/ үй жағдайында ауруды алдын-ала сақтандыру мақсатында қорғау режимін сақтаудың қажеттілігі жөнінде нұсқаулар береді.

34. Түзету ұйымдарының барлық түрлерінде медикоментоздық және физиотерапиялық емдеу, климаттық емдеу мен сауықтыру, емдеу денешынықтыру, массаж және психотерапия жүргізіледі.

5. Түзету білім беру мекемесін басқару

35. Түзету ұйымын басқару Қазақстан Республикасы заңдарына, осы Ережелердің және оқу орнының Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Түзету ұйымын басқару алқалық және дарабасшылық принципінде жүзеге асырылады.

Түзету ұйымының алқалық басқару кеңесі нысандары: қамқорлық жасаушы кеңес, жалпы жиналыстар, педагогикалық (әдістемелік) кеңес басқа да нысандар.

Түзету ұйымын тікелей білім беру саласының орталық басқару органдары келісімімен құрылтайшылар тағайындаған директор басқарады.

36. Түзету ұйымының директоры оқу орнының Жарғысына сәйкес өкілетті білім органдармен келісе отырып өзінің орынбасарын тағайындайды және қызметтен босатады.

37. Түзету ұйымдары оқу-тәрбие процесін, мамандарды таңдау және орналастыру, ғылыми, шаруашылық қаржыландыру жағы басқа да қызметтерді белгіленген Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес ерікті түрде жүзеге асырады.

38. Түзету ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары және міндеттері оқу орнының Жарғысымен, қызметтік нұсқаулар және ішкі тәртіп ережелерімен анықталады.

6. Түзету ұйымдарының қаржыландыру-шаруашылық және құқықтық қызметін қамтамасыз ету

39. Мемлекеттік түзету ұйымдарын қаржыландыру Қазақстан Республикасы заңдарда белгіленген тәртіп бойынша іске асырылады.

40. Мемлекеттік түзету ұйымдары Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтаған тәртіппен ақылы білім беруге құқылы.

Ақылы білім беру қызметі негізгі жалпы білім беру қызметін алмастыра алмайды.

41. Мемлекеттік түзету ұйымдары өзге қаржылық және материалдық түсімдерді соның ішке валюталық түсімдерін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен пайдалануға құқылы.

42. Ақылы білім беруден түскен қаржылық, материалдық соның ішінде валюталық түсімдерді қалыптастыру, пайдалану, есептеу, есеп беру және бақылау Қазақстан Республикасы заңдарымен анықталады.

43. Түзету ұйымдары оқу орнының басқару құрылымын, штаттық кестесін, лауазымдық қызметтерді ерікті түрде бөледі және бекітеді.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лауазымдық еңбек ақыларды, үстеме және қосымша айлық ақыларды, қызметкерлерге сыйлық беру тәртібі мен мөлшерін жүзеге асырады.

44. Мемлекеттік емес түзету ұйымдарын қаржыландыру білім беру қызметін сату, құрылтайшылардың қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебіне жүзеге асырылады.

Мемлекеттік емес түзету ұйымдары білім беру қызметін көрсеткені үшін, соның ішінде мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқытқаны үшін ақы алуға құқығы бар.

7. Түзету ұйымдарының халықаралық қызметі

45. Түзету ұйымдарының халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңдары және халықаралық шарттар, келісімдер, конвенциялар негізінде жүзеге асырылады.

46. Түзету ұйымдары шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен екі жақты және көп жақты шарттар жасасуға, білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіруге құқығы бар.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 1 0 . 0 7 . N 7 0 8
б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л г е н
6-қосымша

Қазақстан Республикасы лицейлерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жалпы ереже

1. Лицей - зердесі жоғары оқушыларды кәсіби бағытта оқытатын, негізгі жалпы білім беретін және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын орта білім беретін оқу орындарының бірі.

2. Лицейдің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) кәсіптік білім беру бағдарламаларын таңдай білетін және игеруге даяр, қоғам өміріне бейімделген, жоғары деңгейдегі мәдениетті интеллектуалды т ұ л ғ а н ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

2) өте қабілетті және дайындығы мол оқушылардың жалпы орта білім алуына т и і м д і ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

3) бағдарлы пәндерден оқушылардың жоғары дайындығын жасау;

4) пәндерді тереңдетіп оқытуды таңдаудың өрісін кеңейту және оқушыларды бағдарына сәйкес жоғары оқу орнына түсірулеріне дайындау мақсатында бағдарлап о қ ы т у д ы ж ү з е г е а с ы р у ;

5) жеке тұлғаның шығармашылық күш-қуатын дамыту мен интеллектуалдық жағынан жоғары дамыта тәрбиелеуге қолайлы жағдайлар жасау.

3. Лицей 6-шы сынып базасында ұйымдастырылатын қазақ-түрік лицейлерін қоспағанда, тек 10-11 сыныптар құрамында ұйымдастырылады және өзінің іс-әрекетін Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының негізінде және осы Ереже мен лицейдің Жарғысына сүйене отырып атқарады. Барлық лицейлер осы Ережені меншік түріне қарамастан қолдануға міндетті.

Ескерту: 3-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 729 бұйрығымен .

4. Лицей өз бетімен дербес немесе кәсіпке бейімдейтін пәнге сәйкес жоғарғы оқу орындарының жанынан жоғары дәрежедегі мамандармен, қажетті ғылыми-әдістемелік оқулықтармен материалдық және әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілген жағдайда Қазақстан Республикасының тиісті Заңдылықтарында белгіленген тәртіпте құрылады.

5. Лицей-оқушылардың, ата-аналардың, педагогтар қауымы алдында орта және жалпы білім алу жөніндегі конституциялық құқының жүзеге асуына, таңдап алған оқу түрінің оқушылардың жасы мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сай болуына, оқу-тәрбие ісінің мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің сапалы жүргізілуіне және өз міндеті мен мақсатына сәйкес болуына жауапты.

6. Лицей заңды мекеме болып табылады. Өзінің аты мен Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген мөрі, ағымдағы және басқа да есепшоты болады.

7. Лицейдің жарғысы оның кеңесінде (педагогикалық кеңес) қабылданып, жергілікті жердің атқару өкіметінің білім беру басқармасының органдары арқылы бекітіледі.

8. Лицейдің базасында ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, жаңа типті оқу-тәрбие ұйымдарының модельдерін, қызметін ұйымдастырудың құрылымы, мазмұны және түрлерін тәжірибелік тексеру жүзеге асырылады.

9. Жергілікті жердің басқару өкіметінің бейімділігіне сай жоғары және басқа да кәсіби оқу орындары, жеке адамдар мен заңды тұлғалар құрылтайшы бола алады.

10. Лицей мемлекеттік аттестациядан бес жылда бір рет өткізіледі.

II. Лицейге оқушылар қабылдау және бітірту тәртібі

11. Лицейге мекен-жайына қарамай, жалпы және орта білімнің негізгі сатысын аяқтаған оқушылар конкурстық негізде қабылданады.

Конкурс нәтижелері бойынша қазақ-түрік лицейіне оқуға қабылданған басқа қалалардан келген білім алушылар қазақ-түрік лицейінің жанындағы

интернатында асыраумен қамтамасыз етіледі.

Ескерту: 11-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 729 бұйрығымен .

12. Оқушыларды қабылдау, сыныптан-сыныпқа өткізу лицейдің кеңесі (педагогикалық кеңес) шешімімен үлгерім нәтижесі бойынша рейтингілік баллмен жүргізіледі.

13. Оқудан шығарылған оқушылар жалпы білім беретін мектептердің сыныптарына, мектеп-лицейлер немесе жергілікті жердің аудандық білім беру бөлімдерінің жалпы білім беретін - мектептеріне ауыстырылады.

14. Оқушыларды қабылдау, оларды сыныптан-сыныпқа өткізу және оқудан шығару тәртібі лицей жарғысына сәйкес жүргізіледі.

15. Көшіру және бітіру емтихандары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген "сыныптан-сыныпқа көшіру тәртібі және аттестациялау жөніндегі нұсқауға сәйкес" өткізіледі.

16. Лицейді бітірушілерге жалпы орта білім туралы оқу орнының түрі көрсетілген аттестаттар беріледі.

17. Лицейді бітірушілерді жоғары оқу орындарына қабылдау жоғары оқу орындары туралы Ережеге сәйкес реттеледі.

III. Оқу-тәрбие жұмыстары

18. Лицейдің оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және оны басқару осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

19. Лицейдің жеке оқу жоспарлары білім беру ұйымдарының әкімшіліктері тарапынан бекітіледі.

20. Арнаулы курстың оқу бағдарламалары, бағдарлы оқыту жоғары білім беру ұйымдарының сәйкес кафедраларымен келісіледі.

Қазақ-түрік лицейінде білім беру процесі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органмен бекітілген және жекелеген пәндерді тереңдете оқытуды көздейтін типтік оқу бағдарламаларының және оқу жоспарының негізінде әзірленген жұмыстық мамандандырылған оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспары" бойынша жүзеге асырылады.

Жұмыстық мамандандырылған оқу бағдарламаларын және жұмыстық оқу жоспарын қазақ-түрік лицейінің басшылығы бекітеді. Қазақ-түрік лицейлерінде оқыту мемлекеттік, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде жүргізіледі.

Ескерту: 20-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 729 бұйрығымен .

21. Оқуда ғылыми-зерттеуге бейімділігімен, өнертапқыштық немесе басқа шығармашылық қабілетімен жоғары нәтижелерге жеткен шәкірттерге лицей

кеңесінің шешімімен өз немесе жоғары оқу орындарының қорларынан, т.б. көздерден стипендия тағайындалуы мүмкін.

22. Оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы қызметі клубтар, ғылыми қоғамдар, жоғарғы оқу орны зертханалары мен түрлі бірлестіктерде өткізіледі.

23. Лицей сыныптарында оқушылар саны 25 адамнан аспауы тиіс.

24. Кәсіпке бейімдейтін пәндерден дәріс бергенде, зертханалық жұмыс жүргізгенде, қазақ, орыс, шет тілдерінен, дене шынықтыру, информатика және есептегіш техника пәндерін өткенде сынып екі шағын топқа бөлінеді.

25. Оқу жоспары мен сабақ кестесін құрастырған кезде жалпы білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыруда санитарлық нормалар мен ережелерді сақтау керек.

26. Лицей типтік штат негізінде жасалған жеке штаттық кестемен жұмыс істейді.

27. Лицейді басқару, құрамына жоғары оқу орнының өкілдері енгізілген лицейдің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

28. Лицейді тікелей басқаруды білім басқармасы тағайындаған лицейдің бастығы атқарады. Мемлекеттік емес лицейлердің бастықтарын облыстық, Алматы, Астана қалалық білім басқармалары тағайындайды.

29. Оқушыларды қабылдауда олардың дамуын бақылау және мінез-құлқын қадағалау үшін жылдық еңбекақы қорында қарастырылатын қаржы есебінен психологиялық-талдау қызметі ұйымдастырылады.

30. Лицейдің педагогикалық ұжымы конкурстық негізде Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" Заңы және лицейдің жарғысына сәйкес ж и н а қ т а л а д ы .

Қазақ-түрік лицейлерінде оқу-тәрбие процесін жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Түрік Республикасынан, сондай-ақ басқа шетел мемлекеттерінен оқытушылар мен шеберлер тартылуы мүмкін. Тартылған педагогикалық қызметкерлердің көрсетілген санатының еңбек ақысын түрік тараптары жүзеге асырады.

Ескерту: 30-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 729 бұйрығымен .

31. Лицей оқушылары жыл сайын жан-жақты медициналық тексеруден өтеді.

IV. Лицейдің құқықтық тәртібі мен қаржылық қызметін қамтамасыз ету

32. Лицейді қаржыландыру Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына және басқа нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

33. Мемлекеттік лицейдің қаржы қоры төмендегідей құралады:

1) мемлекеттік бюджет (ассигнования) қаржысынан;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарнамаларынан;

3) бюджеттен тыс, сондай-ақ, басқа да ақылы қызмет көрсетуден, заңға қайшы келмейтін кәсіпкерлік қызметтерден.

34. Лицейлердің педагогикалық қызметкерлеріне ғылыми атақ-дәрежесіне қарай педагогика ғылымдарының кандидатына бір айлық еңбек ақының, ғылым докторларына екі айлық еңбек ақының ең төменгі (минимальный) шегіндегі мөлшерде үстеме ақы белгіленеді.

35. Лицей оқытушыларының нормативтік апталық - оқу жүктемесін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

36. Лицейге оқушылардың қалауы бойынша ұйымдастырылған курстар мен факультатив сабақтар үшін (әр сыныпқа 4 сағат) және үйірмелер мен студиялар, ғылыми қоғамдар, т.б. ұйымдастыру үшін әр сыныпқа 0,25 еңбек ақы мөлшерінде сондай-ақ, жоғары дәрежелі арнайы дәрістерге төлеу үшін жылына 1500 сағат есебінен бөлінеді. Таңдап алынған факультатив сабақтары мен курстарда оқушылар саны 10-нан кем болмаған жағдайда жүргізіледі.

37. Мемлекеттік лицейлердегі ақылы білім беру қызметтері бюджеттен қаржыландырылатын негізгі жалпы білім беру қызметінің шеңберінде жүргізілмейді.

Ү. Халықаралық ынтымақтастық

38. Лицейдің:

1) білім беру саласындағы, ғылымдағы, мәдениеттегі халықаралық іс-шараларға қатысуға;

2) шетелдік білім беру оқу орындарымен ынтымақтастыққа, оқытушылар мен оқушыларды алмастыруға келісім шарт жасау;

3) шетелдерге кетуге жолдама беру үшін мұғалімдер мен оқушыларды іріктеуді лицей кеңесі, қолданыстағы заңдарға сәйкес бірлескен ұйымдар құруға құқы бар.

ҮІ. Лицейді қайта құру және тарату

39. Лицейді қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес жүргізіледі.

